

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
«Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру» факультеті
Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер
кафедрасының тәрбие жұмысының № 8 мәжілісінің хаттамасы

Шымкент қаласы

25.04.2025.

Қатысқандар:

Топ тәлімгері: К.К.Аргинова.

СК-01-24 топ интерндері Абуева Жанилисой, Алматов Мейрбек, Джунусбекова Айгул, Зокиров Нуржан, Мансур Руслан, Пазылхан Рахымжан, Тоқжігіт Бауыржан.

Күн тәртібінде: «Табиғатты аялайық» тақырыбын талқылау.

Тыңдалды:

СК-01-24 Джунусбекова Айгул топ интерні сөз алды. Біз тобымызбен қасиетті «Қошқар ата» бұлағының айналасын тазалауды жөн көрдік. Бұл жердің суы қасиетті, жердің астынан шығып жатқан бұлақ суын жергілікті халық әр түрлі дертке ем деп ішеді және жыл он екі ай келіп суға түсіп, денелерін шынықтырады. Аңызға айналған бұлаққа Қазақстанның түкпір түкпірінен әр түрлі халық өкілдері келіп тұтынады. Тоқтаусыз ағып жатқан бұлақ суының айналасы салқын, жанға жайлы болғандықтан, келіп жанында демалғанда өте керемет. Әр түрлі себеппен келген халық өте көп.

«Қошқар ата» айналасын тазалайтын арнайы қызметкерлер , күзетшілер бөлінген. Бірақ халық жыл он екі ай келгендіктен , тазалықты сақтамайтындар да кездеседі. Табиғатқа қосқан үлесіміз болсын деп, СК-01-24 тобы керек заттарымыз алып келіп, тазалық жұмыстарын жүргізіп, бұлақтан су ішіп, табиғат аясында демалып, сергіп қайттық.

Шешімі: СК-01-24 тобының «Табиғатты аялайық» тақырыбында жүргізген іс-шарасы назарға алынсын.



Кафедра меңгерушісі, аға оқытушы:

Н.К. Тасбулатов

Топ тәлімгері:

К.К. Аргина